

# ТУҒЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
ТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

рт Бейсенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

*Жергілікті Советтердің өткен сайлауында коммунистер мен партияда жоқтардың блогі жеңіп шықты.*

*Бұл—совет халқының Коммунистік партияға, ұлы көсеміміз және ұстазымыз СТАЛИН жолдасқа деген шексіз сүйіспеншілігі мен берілгендігінің жаңа бір салтанаты.*

## інің Председателі және тінің секретары дастың науқастануы туралы А Б А Р Ы

Сталин жолдастың денсаулық жайының ауыр болуы се-  
СОБП Орталық Комитеті мен ССР Одағының Министрлер  
ті бүгінгі күннен бастап Иосиф Виссарионович Сталиннің  
аулық жайы туралы медициналық бюллетеньдер жария-  
отыруды қажет деп тасты.

\*\*\*

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Коми-  
мен ССР Одағының Министрлер Советі, сол сияқты біздің  
л партиямыз, біздің бүкіл советтік халқымыз Сталин  
дастың ауыр науқасы оның басшылық қызметке азды-көп-  
ақығ қатыса алмауына себеп болатын фактісінің бар-  
маңызын толық түсінеді.

Сталин жолдастың басшы мемлекеттік және партиялық  
меттен уақытша кетуіне байланысты, Орталық Комитет пен  
истрлер Советі партияға және елге басшылық етуде бар-  
жағдайларды мейлінше байынтылықпен ескеріп отырады.  
Орталық Комитет пен Министрлер Советі біздің партиямыз  
бүкіл совет халқы бұл қиын күндерде асқан бірлік пен  
ғасқандық, рух беріктігі мен қырағылдық көрсетеді, еліміз-  
коммунизм орнатуда өздерінің жігерін екі есе күшейтеді,  
мунистік Партияның Орталық Комитеті мен Совет Одағы-  
Уәкілі кеңістігіне оған сайын тығыз топталалы деп се-

## Мал қыстатуды үлгілі аяқтау—басты міндет

\*\*\*

### Мал төл есебінен өсуде

Ленин атындағы колхоз—Преснов аудан-  
нындағы ірі колхоздардың бірі. Оның шаруашылығы жылма-жыл жедел өркендеп,  
алға басып келеді.

Мал шаруашылығы—колхоздың негізгі шаруашылығының бірі. Мұнда қоғамдық мал басы төл есебінен мықтап көбеюде. Колхозшылар мал қыстатуды жыл сайын табысты өткізеді. Сөйтіп, мал қыстан шығынсыз, күйлі шығарылады.

Мұнда мал қыстату быйыл да ұйымшылдықпен өткізілуде. Өйткені, колхозшылар мал қыстатуға үлгілі әзірлікпен кірісті. Мал құнарлы жемшөп, жылы, жарық қоралармен жеткілікті қамтамасыз етілді. Өткен жылы жас бұзауларға арналып екі стандартты қора салынды. Оған 200-ге жуық бұзау сыяды.

Қыстың алғашқы күндерінен бастап мал жақсы күтімге алынды. Колхозшылар малды арнаулы график бойынша күтіп азықтандырады. Жемшөп мезгілімен беріліп тұрады.

Сол сияқты, мал қоралары жанына жемшөп жеткілікті тасылып алынған. Осыған қарамастан қыстауларға жемшөп

### Қойды азықтандыру әдістері туралы

Қой шаруашылығы—мал шаруашылығының өнімді және табысты саласының бірі. Сталиндік бесінші бесжылдықта қой шаруашылығы бұрынғыдан да гөрі күшті қарқынмен өркендейді. Әсіресе, оның жүн өнімін дайындау ісі еселеп арттырылады.

Ал, қой басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру үшін жемшөптің берік қорын жасау қажет. Сөйтіп, қойды бүкіл жыл бойына құнарлы жемшөппен азықтандырып, жақсы күтімде ұстаған жөн. Тек осы шартты жүзеге асырғанда ғана қой шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге болады.

Қазір мал шаруашылығындағы ең жауапты көзек—мал қыстату маусымы өткізіліп жатыр. Бұл маусымда қойды дұрыс азықтандырып, күйлі өсіру шопандардың төл ісі. Қойды мезгілімен азықтандыру үшін жемшөпті күнібұрын қоралар жанына мол тасып алу қажет. Осыдан кейін жемшөп қойға белгіленген норма бойынша күнбе-күн өлшеніп беріледі тиіс.

Қысты күні әрбір фермада қойды күтіп азықтандырудың арнаулы графигі жаса-

Колхоздар мен совхоздарда қысқы маусымда, әсіресе, күндіз қой ашықта бағылып күтіледі. Мұнда да қойды жоғарыда айтылған тәртіппен азықтандырып дұрыс, қойды азықтандырып сайын суарып отырған жөн. Ал, суарып, демін алдырғаннан кейін белгілі ереже бойынша қойға тағы да шөп салу керек.

Тұз—қой түйлігінің жақсы көретін азығының бірі. Сондықтан қойға тұзды мезгілінде беріп тұрған жөн. Қойға тұзды қалауынша беру оның күйлі өсуіне үлкен пайда келтіреді. Осымен бірге, қойға жабайы жемшөпті алдын ала әзірлен беру ісін кеңінен ұйымдастыру керек. Бұл арқылы да қойдың дұрыс азықтануы, күйлі өсірілуіне жетісуге болады. Мұны озақ шопандардың қой өсірудегі бай тәжірибесі толық дәлелден отыр.

Малдың төлден өсетіні белгілі. Сондықтан қозы алу науқанына жақсы әзірленіп, оны үлгілі өткізудің маңызы ерекше зор.

Қозыларды қойдан ошама азықтандырып дұрыс. Әрбір қозы арнаулы торла бағылады. Оған сол жерде жемшөп беріледі. Қозылардың әрқайсысының алдында оттық

бөлсене қатысула.

Социалистік мемлекетіміздің үнемі жоғары өрлеп, өсіп отырған халық шаруашылығы теміржолшылардың алдына жүк тасу жоспарын асыра орындап, материалдар мен отынды үнемдеу жөнінде күрделі міндеттер қойып отыр.

Партия мен үкмет алдындағы осы жауапкершілікті сөзе отырып, 1952 жылы негізгі көрсеткіштер жөнінен жоспарды орындауда елеулі табыстарға ие болған паровоз депосының коллективі жаңа жылда қажырлылықпен жұмыс істеуде. Депонның жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері социалистік жарысқа жаппай ұнтаса отырып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алуға. Алған міндеттемелерін асыра орындайтын стахановшылардың саны күн санап көбейіп келеді. Мұнда өндірістік тапсырманы орындамайтын бірде-бір адам жоқ. Бұл сыяқты көрсеткішке жетудің негізгі сыры мынада: паровоз депосының партия және кәсіподақ ұйымдарымен шаруашылық басшылары социалистік жарысқа адамдарымыздың саяси және еңбек белсенділігін көрсететін, жұмыстағы кемшіліктерді жойып, кәсіпорынан мемлекеттік жоспарды орындауына әсерлі жағдайлар туғызатын саяси мәні зор бұқаралық қозғалыс деп қарайды.

Депо басшылары социалистік жарысты жауапкершілікпен ұйымдастыра білумен қатар, жеке адамдар алатын міндеттемелерді коллектив орындауға тиіс жоспармен байланыстыра, біліп, міндеттемелердің орындалуын күн сайын тексереді. Әрдайым оның дорытындысын кейінге қалдырмай шығарып отырады.

## Жөндеу жұмыстарының озаттары

Вильям атындағы МТС-тің озат механизаторлары алдағы көлемгі егіске әзірлікте стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Олар тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеп, дала жұмыстарына әзірлеуде жоғары көрсеткіштерге жетіп келеді.

Мәсәлен, слесарьлар Хоменко, Соколов,

герлік листоктарда, молнияларда жазылып, барлық жұртшылықтың көретін жеріне ілінші қойылады. Депонның цехтарында, паровоздарында жұмыс істейтін әрбір жұмысшы мен машинистің еменалық тапсырманы қаншалықты орындағандығын күн сайын хабарлап отыру салтқа айналған.

Міне, осындай игі жұмыстардың нәтижесінде еңбек өнімділігін көтеріп, өнім сапасын соңғы уақытта жақсартып түскен стахановшылардың қатары күн санап көбейуде.

Бөлшек өңдеуші А. Шевелев өзінің жұмыс орнын ұқыпты ұстап, жұмыс уақытын толық пайдалануды ұйымдастыра білгендіктің арқасында өндірістік тапсырманы 455 процент орындап, алған міндеттемені жүзеге асыруда стахановтық еңбектің үлгісін көрсетуде. Сол сыяқты, котельщиктер бригадасының мүшелері: Панчук, Обухов және Жандосов, тағы басқа жолдастар еңбек өнімділігін арттыруды 310 процентке жеткізді.

Машинистер коллективі де ауыр жұк тиіспен локомотивтерді тиісті станцияларға мерзімінен бұрын жеткізуде өздерінің таңдаулы тәжірибелерін көбейте түсті. Машинистер Шандыбин, Гололобов және Попов сыяқты жолдастар локомотивтердің техникалық жылдамдығын арттырып, ондаған тонна отын үнемдеуде. Машинистер Ахмадеев, Лесков тағы басқалары сталиндік бесінші бесжылдықтың соңғы жылының өсебіне жұмыс істеп, халық шаруашылығына керекті жүктерді тез тасуды қамтамасыз ету үшін алған міндеттемелерін асыра орындауда.

Б. ОСИПОВ.

Дурдин жолдастар күндік тапсырманы 150 процентке дейін орындайды.

Осы сыяқты, Мамлют совхозының, механизаторлары да тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуді табысты өткізуде. Совхозда жөндеу жұмысы ойдағыдай аяқталып келеді.

А. МҰҚАНОВ,  
Л. МОРГУН.

нің материалдарын, И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегін оқып-үйренуде. Ауылдарда, мұнай кәсіпшіліктерінде, балықшылар поселкелерінде, мал жайылымы участктерінде үгітшілер партия съезінің қарарлары туралы мындаған әңгімелер өткізіп, баяндамалар жасады. Саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғамның облыстық лекция бюросының мүшелері «Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі және «ССРО-да коммунизм орнатудың міндеттері», «И. В. Сталин социализмнен коммунизмге өтудің негізгі алғы шарттары туралы», «Коммунистік партия — советтік қоғамның басшы және жетекші күші, ССРО-да коммунизм орнатудың дем берушісі және ұйымдастырушысы», «Бесінші бесжылдықта ССРО өнеркәсібін өркендету міндеттері» деген тақырыптарда жүздеген лекция оқыды.

Гурьевтегі мұғалімдер институтында И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегіне арналған теориялық конференция өткізілді.

Облыстың партия ұйымдарының кітапханаларында СОКП XIX съезінің материалдары жөніндегі, насихатшыларға арналған консультациялар жөніндегі әдебиеттердің көрмесі ұйымдастырылды.

ЛЕНИНОГОРСК. (КазТАГ). Лениногорск еңбекшілері партияның XIX съезінің материалдарын, И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген классиктік еңбегін зор ынтамен оқып үйренуде. Мындаған еңбекшілер лекторийлерге келіп, онда көсемнің жаңа шығармасы туралы, съездің қарарлары туралы лекциялар тыңдауда. Қалада 10 лекторий жұмыс істейді. Партияның қалалық комитетінің жанынан И. В. Сталин жолдастың данышпандық еңбегін оқып-үйренетін партия және совет активіне арналып семинар ұйымдастырылды. Қаланың партия оқуы жүйесінде жаңа программа бойынша алғашқы сабақтар өткізілді.

Ш. БЕКҚОЖИН.

атындағы

Бесінші

Цех

Бұл цехтың мазысы екендігін сандра неі бас

Бір жұмыс

қан Ал цех іші адамның

— А бүкіл е делі ж

—Ол теркалға қуатым шестері

шестер

Бұл Волков тейтін гина д

— С сандра келіп, мысын

Өз с

—Ж өте қа

ронов егер з түбі і

Көп шы м Ал, б цехқа, арасы жарты

Александра Елагина ешқашан да өзі туралы айтылған мақтау сөзді сүймейтін. Заводқа алғаш келгеннен бері стахановшылар қатарында келе жатқан ол жыйналыстар мен мәжілістерде өзін мақтаған сөзді естігенде қатты қысылушы еді. Бұл кезде оның жүзіне қараған адамға жайшылықтағы ақжарқын, аққұба әйелдің қаны бетіне толқып шығып, не ашуланып, не ренжіп отырғанын аңғару қиын еді.

Шынында ол өзінің цехы туралы, цех коллективінің табыстарын айтқанды тәуір көретін. Егер өз аты аталса-ақ болды, цех табысын менің еңбегім деп ойлап отыр-ау деп іштей реніш білдіретін.

Міне, завод жанындағы көрсеткіш тақтаға «Елагина басқарған цех жылдық жоспарды 160 процент орындап, бірінші орынға ие болды» деп жазылған.

\* \* \*

Бір кезде ол бастық болып істейтін тері бояу цехы еңбек өнімділігін арттыру жөнінде, күнделік, айлық тапсырмаларды орындауда артта қалған цех болып есептелетін. Негізгі бір кемшілік: жұмысшылардың жұмыстың бір түрін ғана меңгергендігінде болатын. Осының салдарынан, бір жұмысшы ауырып, не басқа себептермен жұмысқа келе алмай қалса, оған бекітіліп берілген станок, машина тоқтап қалатын. Оның істеп жүрген операциясын меңгерген, оның орнын ауыстыра қоятын жұмысшы цехта кездеспейтін. Бұл жағдай көп реттерде кейбір операцияларды жоспардан асыра орындап, ал, екінші бір операциялардың мүлде қолға алынбай қалуына дейін апаратын. Цехтың біркелкі үздіксіз жұмыс істей алмауына осының өзі көп әсер ететін.

## кшілер депутаттарының юлық және ауылдық олтүстік Қазақстан қорытындысы

сы дауыс берді. депутаттары об-  
ек, поселкелік,  
оветтерінің сай-  
99-статьясына  
сыз деп табыл-  
й бойынша ау-  
тутат сайланды.  
және ауылдық  
н барлық сай-  
нті дауыс бе-  
барлық сайлау-  
і коммунистер  
ің кандидатта-  
ыққа кандидат-

тарға дауыс беруге қатысқан барлық сай-  
лаушылардың 0,39 проценті қарсы дауыс  
берді.

«Қазақ ССР еңбекшілер депутаттары-  
ның облыстық, аудандық, қалалық, посел-  
келік, селолық және ауылдық Советтерінің  
сайлауы туралы Ереженің» 99-статьясына  
сәйкес, 19 бюллетень жарамсыз деп та-  
былды.

Барлық сайлау округтері бойынша по-  
селкелік, селолық және ауылдық Советтер-  
ге 2528 депутат сайланды.

Барлық сайлау округтері бойынша ең-  
бекшілер депутаттарының аудандық, по-  
селкелік, селолық және ауылдық Советтер-  
іне сайланғандар коммунистер мен пар-  
тияда жоқтар блогінің кандидаттары.

## Мектептен тыс тәрбие жұмыстарын қалай ұйымдастыру керек

Партияның XIX съезі жас ұрпақтарды  
оқытып, тәрбиелеу ісін онан әрі жақсар-  
ту, оларға политехникалық білім беруге  
көшу жөнінде мектептер мен мұғалімдер-  
дің алдына жаңа зор міндеттер қойып  
отыр. Бұл міндетті аброймен орындау—әр-  
бір совет мұғалімінің ардақты борышы.  
Олар жас буындарды коммунистік рухта,  
Ленин—Сталин партиясына шын берілген,  
қыйыншылықтан қорықпайтын, өз Отаны-  
ның адал азаматы етіп тәрбиелеуі керек.  
Балаларға білім, тәрбие беруде мектептің  
атқаратын ролі ерекше.

Мұғалім оқушыға өнегелі тәрбие беріп,  
оның жақсы оқуына жетісу үшін ата-ана-  
лармен үнемі байланыс жасап отыруы ке-  
рек. Оқушылардың үй жағдайымен жете-  
танысып, балаға жақсы тәрбие беретін  
ата-аналардың бала тәрбиелеудегі тәжіри-  
бесін үлгі етіп, назихаттап отырған дұрыс.  
Әресе, класс жетекшілерінің ата-аналар-  
мен тығыз байланыс жабауы өте қажет.  
Оқушы мектепте бес-алты сағат ғана бо-  
лып, уақытының көпшілігін үйде өткізеді.  
Сондықтан баланың үйде алатын тәрбие-  
сіне жете назар аударып отыру қажет.

Алайда, кейбір мұғалімдер ата-аналар-  
мен тығыз байланыс жұмыс істеуге мән  
бермейді. Олармен нақтылы байланыс жа-  
сап, ата-аналар жыйналысын уақытылы  
өткізіп отырмайды. Сол себепті ондай мұ-  
ғалімнің карамағындағы оқушылар оқуды  
нашар үлгереді. Ал, мұғалімдер кейде оқу-  
шының нашар үлгеру себебін анықтап біл-  
мей, бар кінәні оқушыға жаба салады. Сөй-  
тіп, өздерінің жұмыстарында біржақтылық-  
қа жол береді.

Жас балаға алғашқы тәрбие үйде бері-  
леді. Ал, бала жас кезінде еліктемаз,  
әуесқой, қызығымпаз келеді. Сондықтан,  
балаға ата-ана тек жағымды мінезімен  
ғана әсер етуі керек. Өтірік айту, тіл ал-

үлгі етіп отыру өте-мөте қажет. Бұл арқы-  
лы оқушы келешегіне сеніп, Ленин мен  
Сталинді, Отанды шексіз сүйуге, жауға  
мейірімсіздікке, еңбек сүйгіштікке үйре-  
неді.

Кейбір балалар затты сол қолымен ұстап  
дағдыланып кетеді де, мектепке келген  
уақытта көп күндер сол әдетін тастай ал-  
май жүреді. Мысалы, біздің класқа келген  
бір оқушы сол қолымен жұмыс істеуге  
үйреніп кеткен екен. Оны оң қолымен жа-  
зуға дағдыландыру үшін біраз жұмыс іс-  
теуге тура келді. Оқушының үйіне барып,  
ата-анасымен әңгімелестім, сөйтіп, олармен  
үйде баланың тек қана оң қолымен жа-  
зуын бақылап отыруға келістім. Көзір ол  
оқушы оң қолымен жазуға әбден дағдыла-  
нып алды.

Кейбір ата-аналар бала тілін алмаған-  
да мұғалімнің атын айтып, оны жасқап  
отырады. Әрине, бұл мұғалімді тәрбиеші  
етіп көрсету емес, қайта одан баланы бе-  
зіндіру болып табылады. Сондықтан ата-  
аналар мұндай жат әдеттерден аулақ бо-  
луы керек. Баланы үйде, тіпті мектеп жа-  
сына толғанға дейін, мұғалімді қадірлеуге  
үйретіп отырған дұрыс. Бұл оқушының  
алдында мұғалімнің беделін, баланың мек-  
тепке, мұғалімге деген сүйіспеншілігін  
арттырады.

Мен оқытып жүрген екінші, төртінші  
класс оқушыларының мінез-құлқындағы  
кейбір жарамсыз әдеттермен оқу жылының  
алғашқы күндерінен бастап-ақ күресе бас-  
тадым. Оқушылардың ата-аналарымен ты-  
ғыз байланыс жасап отырдым. Тоқсандық  
тәрбие жоспарын жасаған уақытта семья  
мен мектептің байланысына ерекше көңіл  
бөлдтім. Ай сайын ата-аналардың жыйна-  
лысын өткізіп, «Мектепке дейінгі тәрбие»,  
«Мектептегі тәрбие», «Жолдастық қарым-  
қатынас» деген және тағы басқа тақырып-

## Кореядағы оқыйғалар ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 3 март. (СОТА). Корей Ха-  
лық-Демократиялық Республикасы Халық  
армиясы Бас командованиясі бүгінгі бер-  
ген хабарында Халық армиясының құрама-  
лары және қытай халық еріктілерінің бе-  
лімдері американо-ағылшын интервентте-  
ріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы  
қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды де-  
лінген.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімде-  
рі және жау самолеттерін атқыштар дүш-  
панның үш самолетін атып түсірді.

## Оңтүстік Кореядағы шаруалардың жайы

ПХЕНЬЯН, (СОТА). Кореяның Орталық  
телеграф агенттігі жуырда Оңтүстік Ко-  
реяның көптеген селолық аудандарында,  
соның ішінде, Сувоңда, Чхонаньда,  
Чхоньчжуда болған Жапонияның радио-  
тілшісі Исидзава жазған очерктердің маз-  
мұнын хабарлады. Исидзаваның очерк-  
тері Оңтүстік-корей шаруаларын то-  
науға бағытталған американо-интервентте-  
рінің басқыншылығы және Ли Сын Ман-  
ның сатылмыш тобырының халыққа дүш-  
пан саясаты тудырған Кореяның оңтүсті-  
гіндегі шаруалардың қайыршылық тұрмы-  
сын суреттейді.

«Мен болған жерлердің барлығында  
да, — деп жазады Исидзава, — американо  
авиациясы шаруалардың қора-қопсылары-  
ның талқанын шығарған. Баспанасыз жә-  
не киім-кешексіз қалып, амақ іздеп, не-  
герлеп құйған жаңбырда жол бойларында  
шұбырған оңтүстік-корей шаруаларының  
азабына жүрегің сыздамай қарау мүмкін  
емес».

Исидзава лисынманшыл «үкметтің» ха-  
лыққа қарсы бағытталған зұлымдық сая-

## ер депутаттары Солтүстік айлаудың қорытындылары олтүстік Қазақстан облыстық тық сайлау комиссиясының Р ы

лаушылардың  
мен партия-  
тары үшін  
қатысқан бар-  
проценті де-  
арсы дауыс  
депутаттары-  
лалық, по-

комиссиясы «Қазақ ССР еңбекшілер депу-  
таттарының облыстық, аудандық, қала-  
лық, поселкелік, селолық және ауылдық  
Советтерінің сайлауы туралы Ереженің»  
28-статьясына сәйкес, әрбір сайлау округі  
бойынша түскен материалдарды қарай  
келе, Солтүстік Қазақстан облысының  
барлық 71 округі бойынша еңбекшілер  
депутаттарының Солтүстік Қазақстан об-

## Шабындықтар мен жайылымдарды су қорымен қамтамасыз етейік

Облыс колхоздарында табиғи шабындықтар мал азығының мол қорын жасаудың негізгі көзі болып табылады. Сондықтан табиғи шабындықтарда шөп шығымдылығын арттырудың маңызы ерекше зор.

Шөп шығымдылығын арттыру үшін шабындықтарда жылылық, ауа және басқа да қоректендіргіш заттармен бірге, ылғалдың да жеткілікті болуы қажет. Шабындықтар мен жайылымдардың шөп шығымдылығын арттыру мақсатымен республикамыздың бірқатар колхоздарында шабындықтар мен жайылымдарды қолдан суару жүйесі барған сайын кеңінен қолданылып келеді. Өткен жылы Қазақстанда 2 мыңға жуық колхоздарда бұл жұмыс кең көлемде жүргізілді. Мұның нәтижесінде 1312 мың гектар шабындық жер суландырылды.

Республикамызда көлтабанды суарманың негізгі бір түрі—жерді жайып суару болып табылады. Өткен жылы республикамызда мұндай әдіспен миллион гектарға жуық шабындық жер суландырылды. Көлтабанды суарманы тезірек меңгеру үшін тұрақты және қысқа мерзімдік бөгеттер жасау жұмыстарын кеңінен жүргізу керек.

Колхоздар суландырылған шабындықтардан суландырылмаған шабындықтарға қарағанда шөпті 4—6 есеге дейін көп алып жүр. Мәселен, өткен жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы Нұркен атындағы колхоз суландырылған шабындықтардың әрбір гектарынан 80 центнер-

ден шөп жыйнады. Ақмола облысының Новочеркасск ауданының Сталин атындағы, «Степная воля» колхоздары көлтабанды суармалы 7 мың 500 гектар шабындықтың әрбір гектарынан 20 центнерден құнарлы жемшөп алды.

Сонымен көлтабанды суарманың шабындықтарда шөп шығымдылығын арттыратындығы тәжірибеден айқын көрініп отыр. Суландыратын шабындық жердің әрбір гектарында 10-нан 42 текшеметрге дейін құрылыс жұмыстары жүргізіледі. Бұған 50 сомнан 250 сомға дейін ғана қаржы кетеді. Демек, шабындықтарды бұл жолмен суарып, шөп шығымдылығын арттыруға колхоздың да, совхоздың да болса толық мүмкіншілігі бар.

Ақмола облысы колхоздарының үлгісімен біздің облысымыздың Ленин ауданындағы «Советский» және «Орталық» колхоздары өткен жылы көлтабанды суарма үшін 2 мың гектар шабындық жерге құрылыс жұмыстарын жүргізуге кірісті. Үлкен Торангүл өзеншесіндегі құрылыс жұмыстары қазір негізінен аяқталды. Су ұстайтын бас бөгетті жасау үшін 300 текшеметр тас, 100 текшеметр құм, 6 тонна әк, ағаш және басқа да құрылыс материалдары дайындалып жеткізілді. Аталған колхоздардың басшылары және ол колхоздарды қамтитын МТС дирекциясы құрылыс жұмыстарын алдағы көктемге дейін аяқтап, жайылымдарға су жіберілуін қамтамасыз етпек.

Шабындықтарда көлтабанды суарма үшін құрылыс жұмыстарын жүргізуге Ленин ауданындағы «Путь Ильича», Буденный атындағы, Ворошилов атындағы, «Новая жизнь», «Бұлақ» және «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарының толық мүмкіншілігі бар. Бұл колхоздардың басшылары ол мүмкіншіліктерді быйы толық пайдаланып, шабындықтарды суландырып, мал азығының берік қорын жасауға жеткізуге тиіс.

Есіл өзенінің ойбойынап көлтабанды суарма үшін қысқа мерзімдік бөгеттер жасауға, олармен жүздеген гектар шабындықтар мен мал жайылымдарына су жіберуге болады. Өзен төңірегінде шабындық жерлерден 7-8 тоғандар мен бөгеттер жасап, 35 колхоздың 30 мың гектар шабындық жерін және Приенім совхозының шабындық жерін суландыруға толық мүмкіншілік бар. Алайда, көптеген колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың басшылары шабындықтарды суандырып, олардың шөп шығымдылығын арттырудың мұндай маңызды шараларын жүзеге асыруға жеңіл-желпі қарап келеді. Соның салдарынан су бөгетін құрылыс жұмыстарын жүргізу жөнінде тағайындалған жоспар қанағаттанғысыз орындалып отыр.

Колхоздарда мал азығының берік қорын жасау шабындықтарда шөп шығымдылығын арттыра білуге байланысты. Енді көп ұзамай көктем туады. Ол — шабындықтар мен жайылымдарды суандырудың бірден-бір шешуін кезеңі. Сондықтан шабындықтар мен жайылымдарға су жіберетін және оны бөгейтін құрылыс жұмыстарын қазірден бастап тыңғылықты түрде қолға алу қажет. Мұндай құрылыс жұмыстарына жергілікті материалдарды тиімді пайда-

лау керек. Сол сияқты, қар мен мұздан да бөгеттер көптеп салынуға тиіс. Бұл жөнінде МТС-тер колхоздарға жеткілікті көмек көрсетуге міндетті. Еналдымен олар құрылыс жұмыстарына машиналарды қажетті мөлшерде берулері керек.

Быйылғы жылы облыс колхоздарында жер суландыру жұмыстарының көлемі өткен жылғыдан он есе артық. Осымен бірге 27 мың гектар шабындықтарды суару үшін уақытша құрылыс жұмыстары жүргізіледі. 5 мың гектар томарлы, батпақты суды шабындық жер құрғатылады. Сол сияқты, шабындықтарды көлтабанды суарма жүйесімен суландыру үшін 3 мың гектар жерге тұрақты тоғандар мен бөгеттер жасалады. 120-дан астам терең құдықтар қазылады, 8 ойдымдар мен су қоймалары жасалып іске қосылады.

Су құрылыстарын ойдағыдай жүргізу үшін МТС-тер мен колхоздардағы техника қуаты мен күш-көліктерді толық пайдалану қажет. Сол сияқты, өзара шарт жасау арқылы облыс құрылыс мекемелері мен өнеркәсіп орындарындағы жер қазатын машиналарды толығынан пайдаланған жөн.

Шабындықтар мен жайылымдарды кең көлемде суландыру мал азығының берік қорын жасауға қолайлы жағдай туғызады. Олай болса, колхоз, совхоз, МТС-тер мен ауылшаруашылық орындарының басшылары шабындықтар мен жайылымдарды суландырып, олардың шөп шығымдылығын арттыруға барлық шараларды қолданып, бұл маңызды істі жүзеге асыруға міндетті.

**А. СИРотов,**

Облыстық су шаруашылығының бастығы.

өткізеді. Көпшілігі орталығынан мез жұмысына немке бузып, өз бетімен дахметованы аудымы тәртіпке шақ

### КИНО КИ

Үстіміздегі оқу Ленин атындағы келген емес. Ал, механиктің шаларының жарамсыздығын көрсетілмейді. Аулімі ауыл-село жүлегіне сай, кино сартса екен.

### «УДАРНИК» К

Бүгін 2

«М/

Сеанстар сағат

Касса сағат 3-т

◆ Уйымдасқ мекеме Темір істеу үшін ж

Шарт жақарыз, жолда билетімен қам Жұмысқа месе 5-97 тел лп, ұйымдасқ